

БЕКІТЕМІН
«Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ
директоры Тлеужанова М.К
« 4 » _____ 2026 ж.



**Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-де өткізу және
объектішілік режимдер туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы талаптар

1.1. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ –де өткізу және объектішілік режимдер туралы ереже «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416 ҚР Заңына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңына, «Білім туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына, «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына, колледждің жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Ереже ұйымдық-құқықтық шектеулерді, қызметкерлердің, білім алушылардың, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің), өзге де келушілердің "Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағы мен ғимаратына кіруіне, материалдық құралдарды әкелуге және шығаруға, автокөлікке кіруге және шығуға, болу және жүріс-тұрыс ережелерін белгілейді.

1.3. Өткізу режимі білім алушылардың, қызметкерлер мен келушілердің ғимаратқа өтуін (шығуын), көлік құралдарының Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағына кіруін (шығуын), азаматтардың, көлік құралдарының және бөгде заттардың колледж аумағына және ғимаратына рұқсатсыз кіруін болдырмайтын материалдық құндылықтарды енгізуді (шығаруды) қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді.

1.4. Объектішілік режим ішкі тәртіп пен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағында және ғимаратында орналасқан адамдар орындайтын іс-шаралар мен ережелерді қамтамасыз ету мақсатында белгіленеді.

1.5. Өткізу режимінің сақталуын ұйымдастыру және бақылау Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің штаттық қызметкеріне жүктеледі, оған басшының бұйрығына сәйкес өткізу режимі үшін жауапкершілік жүктеледі, ал оның тікелей орындалуы Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің күзет функцияларын жүзеге асыратын күзет мекемелерінің күзетшілеріне жүктеледі. Қажет болған жағдайда өткізу және объектішілік режимдердің, сондай-ақ білім беру-тәрбие қызметі мен күн тәртібінің сақталуын ұйымдастыру және бақылау мақсатында басшының орынбасарлары мен қызметкерлер қатарынан кезекші әкімші тағайындалады.

1.6. Осы Ереженің талаптары Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің келушілеріне, білім алушыларға, олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне), барлық педагогикалық құрамға, техникалық қызметкерлерге, сондай-ақ колледж жасалған азаматтық-құқықтық шарттар негізінде өз қызметін жүзеге асыратын қызмет көрсететін мекемелердің қызметкерлеріне толық көлемде қолданылады.

2. Қызметкерлердің, білім алушылардың, олардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) және өзге де келушілердің өткізу режимі

2.1. Жалпы талаптар

2.1.1. Қызметкерлерді, білім алушылар мен келушілерді колледж ғимаратына өткізу бақылау-өткізу пунктімен жабдықталған негізгі кіреберіс арқылы жүзеге асырылады. Рұқсаттамаға арналған ғимараттарға қосалқы кіреберістер тек басшының немесе оның орынбасарының рұқсатымен, ал олар болмаған кезде – кезекші әкімшінің немесе өткізу режиміне жауапты адамның рұқсатымен ашылады. Қосалқы қақпаның ашылу кезеңінде бақылауды күзетші және оны ашқан колледж қызметкері жүзеге асырады.

2.1.2. Жоғары дайындық және төтенше жағдайлар кезінде, сондай-ақ басшының бұйрығымен қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында азаматтарды колледж аумағына және ғимаратына кіргізу шектелуі не тоқтатылуы мүмкін.

2.1.3. Мүгедектігі бар адамдарды (кресло-арбаларды және жолсерік иттерді пайдалануды қоса алғанда) өткізуді Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің өкілі және оның сүйемелдеуімен қамтамасыз етеді.

2.2. Қызметкерлерді өткізу режимі

2.2.1. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің қызметкерлері ғимаратқа рұқсаттама бойынша жіберіледі. Қызметкерде рұқсат болмаған жағдайда, ол жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде басшының қолымен және мөрімен расталған тізімдер бойынша Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-не жіберіледі.

2.2.2. Жұмыс уақытынан тыс және демалыс күндері Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің басшы, оның орынбасарлары және өткізу режиміне жауапты адам жіберіледі.

2.2.3. Жұмыс түрі бойынша Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің жұмыс уақытынан тыс уақытта, демалыс күндері болуы қажет жұмыскерлерге басшының немесе оның орынбасарларының қолымен расталған қызметтік жазбаның негізінде жол беріледі.

2.3. Білім алушылардың өткізу режимі

2.3.1. Білім алушылар Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің ғимаратына күн тәртібінде белгіленген уақытта жіберіледі. Білім алушыларды Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің ғимаратына жаппай өткізу сабақтар басталғанға дейін және олар аяқталғаннан кейін, ал үзілістерде – кезекші әкімшінің келісімі бойынша жүзеге асырылады. Сабақ кезеңінде білім алушылар Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-не жіберіледі және одан тек оқу өндірістік шеберінің/куратордың, басшының немесе кезекші әкімшінің рұқсатымен шығады.

2.3.2. Белгіленген уақыттан тыс келген білім алушылар басшының немесе кезекші әкімшінің рұқсатымен Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-не жіберіледі.

2.3.3. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нен тыс кинотеатрларға, мұражайларға, көрме залдарына, кітапханаларға және т.б. бару тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес білім алушылардың ата-аналарының (занды өкілдерінің) рұқсатымен басшының бұйрығы негізінде жүргізіледі. Білім алушылардың шығуы тек педагог қызметкердің сүйемелдеуімен жүзеге асырылады.

2.3.4. Демалыс кезінде білім алушы студенттер басшы бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-не жіберіледі.

2.4. Білім алушылардың және өзге де келушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өткізу режимі

2.4.1. Білім алушылардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) және өзге де келушілерді жеке мәселелерін шешу үшін өткізу дүйсенбі күндері сағат 14:00-ден 17:00-ге дейін жүзеге асырылады. Ата-аналардың Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің әкімшілігіне өтуі әкімшіліктің өзімен алдын-ала келісім бойынша мүмкін болады, бұл туралы кезекші күзетшілерге алдын-ала хабарлау керек.

Ата-аналардың (заңды өкілдердің) және өзге де келушілердің өтуіне жеке басын куәландыратын құжат және олардың кімге жіберілетіні туралы хабарлама ұсынылғаннан кейін рұқсат етіледі. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің ғимаратына жеке басын куәландыратын құжат бойынша жіберілген кезде білім алушылардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) және келушілерін есепке алу журналына тіркеу міндетті.

2.4.2. Білім алушылар мен келушілердің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) жоспарланбаған өтуіне өткізу режиміне жауапты адамның немесе басшының рұқсатымен ғана жол беріледі және сабақтан кейін, ал шұғыл жағдайларда – сабаққа дейін және үзілістер кезінде жүзеге асырылады.

2.4.3. Білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) және келушілер Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-не егер максималды ең жоғары саннан – 25 келушіден аспаса жіберіледі, қалған келушілер күзет бекетінің жанында өз кезегін күтеді. Ерекшелік – осы Ереженің 2.4.4-тармағында белгіленген жағдайлар.

2.4.4. Бұқаралық іс-шараларды, ата-аналар жиналыстарын, семинарларды және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) мен келушілер басшының мөрімен және қолымен расталған келушілердің тізімдері бойынша жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің ғимаратына жіберіледі.

2.5. Жөндеу-құрылыс мекемелері қызметкерлерінің өткізу режимі

2.5.1. Жөндеу-құрылыс мекемелерінің жұмысшылары мен мамандарын Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің үй-жайларына кезекші күзетші басшының өкімі бойынша немесе өтінімдер мен келісілген тізімдер негізінде өткізіледі.

2.5.2. Жұмыстарды жүргізу Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің басшысының бұйрығымен арнайы тағайындалған өкілінің бақылауымен жүзеге асырылады.

2.5.3. Электр желісі, кәріз, су құбыры немесе жылыту жүйесі апатқа ұшыраған (бүлінген) және түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері басқа да шұғыл жұмыстар орындалған жағдайда шақыру бойынша келген авариялық қызмет қызметкерлерін өткізу Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің қызметкерінің немесе кезекші күзетшінің сүйемелдеуімен кедергісіз жүзеге асырылады.

2.6. Жоғары тұрған мекемелер қызметкерлерінің және тексеруші тұлғалардың өткізу режимі

2.6.1. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-де қызметтік қажеттілік бойынша баратын білім беру процесіне қатысы жоқ адамдар келушілерді есепке алу журналына жазыла отырып, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде өткізіледі.

2.6.2. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағына және ғимараттарына кедергісіз өту құқығын олар қызметтік куәлігін көрсеткен кезде прокуратура мен полиция өкілдері пайдаланады. Қадағалау инспекторларының қызметтік куәлігін және бақылау (қадағалау) органының бақылау (қадағалау) іс-шарасын жүргізу туралы шешімін көрсеткен кезде кедергісіз өтуге құқығы бар.

Колледж аумағына және ғимараттарына кедергісіз өтуге құқылы адамдар туралы кезекші күзетші дереу басшыға, ал ол болмаған кезде – кезекші әкімшіге немесе басшының орынбасарына баяндайды.

2.7. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен өзге де тұлғаларына арналған өткізу режимі

2.7.1. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-не жіберу басшының жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

2.7.2. Коммерциялық және коммерциялық емес операцияларды (презентациялар, әдістемелік материалдарды тарату, суретке түсіру және т.б.) жүзеге асыратын тұлғаларды Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-не қабылдау басшының немесе оның орынбасарларының жазбаша рұқсатымен жүзеге асырылады.

3. Көлік құралдарының өткізу режимі

3.1. Көлік құралдарын өткізу Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағының шаруашылық аймағына қақпа арқылы жүзеге асырылады.

3.2. Көлік құралы аумақтың шекарасын кесіп өткенге дейін алдын ала бақылау тексерілуге жатады. Тексеруді кезекші күзетші жүргізеді. Көлік құралына және тасымалданатын материалдық құндылықтарға құжаттарды ресімдеудің бар екеніне және дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін кезекші күзетші көлік құралын колледж аумағына жібереді. Автокөліктің тиесілігін, маркасын және түрін көрсете отырып, автокөліктің сәйкестілігі туралы мәліметтерді кезекші күзетші автокөлікті тіркеу журналына енгізеді.

3.3. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағына заңсыз кіру немесе оның аумағынан шығу әрекеті (көлік құралына құжаттардың сәйкес келмеуі, жүкқұжаттың немесе рұқсаттаманың сәйкес келмеуі) белгілері анықталған кезде көлік құралына нақты мән-жайлар анықталғанға дейін автокөлік қозғалысын шектеу жөнінде шаралар қолданылуы мүмкін.

3.4. Жоғары дайындық және төтенше жағдайлар кезінде, сондай-ақ басшының бұйрығымен қауіпсіздік шараларын күшейту мақсатында көлік құралдарын Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағына кіргізу шектелуі мүмкін.

3.5. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-не көлік құралдарының кіруі көлік рұқсаттамалары бойынша жүзеге асырылады.

3.6. Қызметкерлердің жеке автомобиль көлігінің Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағына кіруі қызметкердің рұқсаттамасын және көлік рұқсаттамасын көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Ауызша бұйрықтар бойынша көлік құралдарының колледж аумағына кіруіне тыйым салынады. Көлік құралының жолаушылары уақытша (біржолғы) рұқсаттамасы болуға міндетті.

3.7. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-мен жасалған азаматтық-құқықтық шарттар негізінде жүргізуші жол парағын және ілеспе құжаттарды (тауар-көлік жүкқұжаттарын) көрсеткен кезде немесе Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің басшысы куәландырған тізімдер негізінде азық-түлік, жиһаз, кеңсе жабдықтары, кеңсе тауарлары және т.б. жеткізетін қоқыс жинайтын, қар жинайтын, жүк көлігінің колледж аумағына кіру жүзеге асырылады.

3.8. Құрылыс жұмыстарын қамтамасыз ететін көлік құралдарының кіруі Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің директорымен келісілген ұсынылған тізімдер бойынша жүзеге асырылады.

3.9. Арнайы мақсаттағы көлік құралдары: өрт сөндіру машиналары, жедел жәрдем көліктері, құқық қорғау органдары және т.б. – авариялық жағдайлар, алапат зілзалалар, өрттер және басқа да төтенше жағдайлар кезінде Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағына кедергісіз өткізіледі.

4. Материалдық құндылықтар мен жүктердің өткізу режимі

4.1. Жүктерді, материалдық құндылықтарды және өзге де мүлікті (офистік жиһаз, өндірістік жабдық, техника және т.б.) кіргізуді (әкелуді) құндылықтардың уақытша немесе қайтарымсыз енгізілуіне қарамастан, материалдық рұқсаттамалар бойынша материалдық жауапты тұлғалар жүзеге асырады. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағына және ғимаратына көп мөлшердегі атауларымен құрал-саймандарды немесе жабдықтарды әкелу және кіргізу кезінде материалдық рұқсаттамаға негізгі құжат сияқты тұлғалар куәландырған барлық құралдар мен жабдықтардың тізбесі қоса беріледі. Рұқсаттаманы ресімдеудің дұрыстығын кезекші күзетші материалдық құндылықтардың тасымалдау журналына міндетті түрде тіркей отырып тексереді.

Бірнеше қабылдау кезінде бір материалдық өткізу бойынша материалдық құндылықтарды енгізуге (әкелуге) тыйым салынады.

4.2. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағына және ғимаратына материалдық құндылықтарды енгізуге (әкелуге) арналған құжаттар тасымалдауды жүзеге асыратын адамның рұқсаттамасымен бір мезгілде ұсынылады.

4.3. Кезекші күзетші келушілердің қол жүгін олардың ерікті келісімімен тексереді. Келуші енгізілетін (шығарылатын) заттарды тексеруден бас тартқан жағдайда кезекші күзетші кезекші әкімшіні шақырады және өзінің лауазымдық нұсқаулығының талаптарына сәйкес әрекет етеді.

4.4. Ірі көлемді заттар, жәшіктер, қораптар Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің ғимаратына тыйым салынған заттардың (суық және атыс қаруы, есірткі және т.б.) енгізілуін болдырмайтын тексеруден кейін Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің ғимаратына әкелінеді.

4.5. Пошта байланысы арқылы, курьерлік жеткізу қызметтері арқылы келетін пакеттер, бандерольдер, хат-хабарлар және т.б. жалпы бөлімде қабылданады және арнайы журналда тіркеледі. Кез келген күтпеген жеткізілімдер туралы колледж әкімшілігінің адресатына немесе қызметкерлеріне хабарланады. Басқа жағдайларда пошта жөнелтілімдерін сақтауға қабылдауға және одан әрі беруге тыйым салынады.

5. Объектішілік режим

5.1. Жалпы талаптар

5.1.1. Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес жұмыс күндері ғимаратта және Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің аумағында болу келесі санаттарға рұқсат етіледі:

- білім алушыларға өз ауысымына және үйірмелердің, секциялардың жұмыс уақытына сәйкес 07:30-дан 19:30-ға дейін;
- орталықтың педагогикалық, әкімшілік және техникалық қызметкерлеріне сағат 07:30-дан 19:00-ге дейін;
- асхана қызметкерлеріне 06:00-ден 18:00-ге дейін;
- келушілерге 08:00-ден 17:00-ге дейін.

5.1.2. Кез келген уақытта Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ -де басшы, оның орынбасарлары, сондай-ақ Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ-нің басшысының жазбаша шешімі бойынша басқа да адамдар болуы мүмкін.

5.2. Объектішілік режимді сақтау ережелері

5.2.1. Жезқазған технология және сервис колледжі» КММ –де тыйым салынған:

- қандай тұлғалар болмасын тұруға;
- еңбек тәртібінің ережелерін бұзу;

- басшының жазбаша рұқсатынсыз фото және бейне түсіруді жүзеге асыру;
- аумақта және ғимаратта темекі шегу;
- аумақты, негізгі және қосалқы кіреберістерді (шығуларды), кіреберістерді (шығуларды), баспалдақ алаңдарын, жертөлелер мен шатыр үй-жайларын құрылыс және басқа материалдармен немесе заттармен үймелеу;
- есірткі (уытты) заттарды қолдануға, алкогольдік ішімдіктерді ішуге, алкогольдік мас болу белгілері айқын адамдарға болуға;
- күзет, өрт дабылы, желдету және жылумен жабдықтау техникалық құралдарының жұмыс істеуінің белгіленген режимдерін бұзатын (өзгертетін) әрекеттер жасау.

6. Жауапкершілік

6.1. Осы Ереженің талаптарын бұзғаны үшін кінәлі қызметкерлер (аумаққа алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде, рұқсатсыз, жалған рұқсатнама бойынша өтуге тырысу; рұқсатнаманы басқа адамға беру; кезекші күзетшілердің заңды талаптарын орындамау, заттарды тексеруден жалтару; материалдық құндылықтарды құжаттарсыз немесе жалған құжаттар бойынша әкелу және т. б.) ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікпен тәртіптік жазаға тартылады.

Осы Ережені бұзғаны үшін кінәлі 15 жастан асқан оқушылар тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.